



«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	
Іс-қимыл тәртібі туралы ереже	
Магистранттың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмысы туралы ереже	МС ISO 9000:2015 МС ISO 9001:2016 МС ISO 37001:2016
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-45	Енгізілген күні: «18» <u>сәуір</u> 20 <u>25</u> ж.



БЕКІТЕМІН
Ректор
Л.К. Байболова
«18» сәуір 2025 ж.

Іс-қимыл тәртібі туралы ереже
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ (ТӘЖІРИБЕЛІК-ЗЕРТТЕУ) ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-45

КЕЛІСІЛДІ
АСЖ проректор
Э.Б. Аскарбеков
«18» сәуір 2025 ж.

Астана, 2025

АЛҒЫСӨЗ

Осы Ереже «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ білім беру бағдарламалары басқармасы мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен әзірленді.

Осы Ереже ректордың титулдық бетке қол қоюы арқылы бекітіледі.

Осы Ереже «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ-ның барлық құрылымдық бөлімшелері үшін сапа менеджменті жүйесіне (СМЖ) қатысты қызметі шеңберінде міндетті болып табылады.

Осы Ережеге мерзімді тексеру жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысымен 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізіледі.

Осы Ережеге енгізілетін өзгерістер «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Құжаттаманы басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапкершілік жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысына жүктеледі.

2024 жылғы 28 маусымдағы №1 редакциядағы ЕЖ 21-09.143-2022 магистранттың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмысы туралы Ереже күшін жойды деп танылсын.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	2
1. Құжаттың атауы.....	4
2. Әзірлеуші.....	4
3. Қолдану саласы.....	4
4. Нормативтік сілтемелер.....	4
5. Терминдер мен анықтамалар.....	4
6. Қолданылатын қысқартулар.....	6
7. Жалпы ережелер.....	6
8. Магистранттың ҒЗЖ (ТЗЖ) процесін жоспарлау.....	7
9. Магистранттың ҒЗЖ (ТЗЖ) бойынша талаптар.....	8
10. Магистранттың ҒЗЖ (ТЗЖ) бойынша есептілігі мен талдауы.....	9
11. Оқытушылардың академиялық аттестациясын өткізу тәртібі.....	9
12. Үдеріспен байланысты тәуекелдер және олардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар.....	9
13. Құпиялылық	10
Келісу парағы.....	11
Танысу парағы.....	11
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	12
Мерзімді тексерулер есебін жүргізу парағы.....	13

1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1. Магистранттың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмысы туралы ереже ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-45

2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі.

3. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

3.1 Осы магистранттардың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмысы туралы Ереже «К. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ-да (бұдан әрі – Университет) магистранттардың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмысын басқару процестеріне қойылатын талаптарды белгілеу мақсатында әзірленді.

3.2 Бұл Ереже факультеттердің білім беру бағдарламалары комитеттері, ғылым және инновациялық қызмет бөлімі, оқу-әдістемелік бөлім және кафедралар тарапынан қолдануға арналған.

4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 Осы Ережеде Қазақстан Республикасының келесі нормативтік құқықтық актілеріне сілтемелер жасалған:

4.2 ҚР Бюджет кодексі № 171-VIII, 15.03.2025 ж.

4.3 ҚР Азаматтық кодексі № 268-XIII, 27.12.1994 ж. (09.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.4 ҚР Еңбек кодексі № 414-V, 23.11.2015 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен)

4.5 ҚР «Білім туралы» Заңы № 319-III, 27.07.2007 ж. (15.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.6 ҚР «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы № 103-VIII ЗРК, 01.07.2024 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен)

4.7 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы № 410-V, 18.11.2015 ж.

4.8 ҚР Заңы «ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту туралы» № 171-VI, 04.07.2018 ж.

4.9 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты № 2, 20.07.2022 ж. (22.04.2025 ж. өзгерістерімен) 4.10 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағыттары бойынша кадрлар даярлау бағыттарының классификаторы № 569, 13.10.2018 ж. (21.07.2023 ж. өзгерістерімен)

4.11 Экстернат және онлайн оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін бағыттар тізбесі № 530, 02.10.2018 ж. (13.09.2022 ж. өзгерістерімен)

4.12 Кредиттік технология бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары № 152, 27.05.2011 ж. (26.03.2025 ж. өзгерістерімен)

4.13 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік ережелері № 595, 30.10.2018 ж. (24.06.2024 ж. өзгерістерімен)

5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

5.1 Осы нормативтік құжатта төменде көрсетілген терминдер қолданылады:

Термин	Анықтамасы
ЖОО компоненті	Білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жоғары оқу орны дербес белгілейтін оқу пәндерінің және олардың тиісті ең төменгі академиялық кредит көлемінің тізбесі.
Магистранттың жеке жұмыс жоспары	Білім алушының оқу мерзімі бойына ғылыми жетекшінің басшылығымен білім беру бағдарламасының негізінде өз бетінше жасайтын жұмыс жоспары.
Жеке оқу жоспары	Білім алушының оқу жылының әрбір кезеңіне эдвайзердің көмегімен білім беру бағдарламасы мен таңдау пәндерінің каталогы негізінде өз бетінше қалыптастыратын оқу

	жоспары. Бұл жоспар магистранттың жеке жұмыс жоспарының бір бөлігі болып табылады.
Құзыреттер	Оқу барысында алынған білімді, іскерлікті және дағдыларды кәсіби қызметте практикалық тұрғыда қолдану қабілеті.
Таңдау компоненті	ЖОО ұсынатын және білім алушылар кез келген академиялық кезеңде пререквизиттер мен постреквизиттерді ескере отырып өз бетінше таңдайтын оқу пәндері мен олардың тиісті ең төменгі академиялық кредит көлемінің тізбесі.
Кредиттік оқыту технологиясы	Академиялық кредиттерді жинақтау арқылы пәндер мен (немесе) модульдерді оқып-үйренудің ретін білім алушының өзі таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде жүзеге асырылатын оқыту.
Магистр	Магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже.
Магистрант	Магистратурада оқып жатқан тұлға.
Магистратура	«Магистр» академиялық дәрежесін беру арқылы кадрлар даярлауға бағытталған және кемінде 60–120 академиялық кредит көлемінде игеруді көздейтін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі.
Магистрлік диссертация	Ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының түлектік жұмысы болып табылатын, таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша өзекті мәселені заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктер негізінде зерттейтін және теориялық және/немесе практикалық тұжырымдамаларды қамтитын дербес ғылыми зерттеу.
Магистрлік жоба	Бейіндік магистратура магистрантының түлектік жұмысы болып табылатын, таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша өзекті қолданбалы мәселені шешуге мүмкіндік беретін теориялық және/немесе эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу.
Ғылыми-зерттеу жұмысы	Бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын айқындау, ғылыми қорыту мен жобаларды ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіс, зерттеу, эксперименттер жүргізу арқылы жүзеге асырылатын жұмыс. Ғылыми-зерттеу жұмысы магистрлік жұмыстың негізгі тараулары мен бөлімшелерін орындауды және ғылым мен практиканың заманауи техникалық жетістіктеріне негізделген ғылыми зерттеу әдістерін қолдануды қамтиды.
Міндетті компонент	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен (МЖМБС) айқындалған және білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар міндетті түрде меңгеруге тиіс оқу пәндері мен олардың ең төменгі академиялық кредит көлемінің тізбесі.
Білім беру бағдарламасы	Оқыту мақсаттары, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оны іске асыру әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ оқу нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.
Постреквизиттер (Postrequisite)	Белгілі бір пәнді және (немесе) модульді меңгеру нәтижесінде алынатын білім, іскерлік, дағды мен

	құзыреттерді талап ететін келесі пәндер, модульдер немесе оқу жұмысының өзге де түрлері.
Пререквизиттер (Prerequisite)	Белгілі бір пәнді және (немесе) модульді меңгеру үшін қажетті білім, іскерлік, дағды мен құзыреттерді қамтитын пәндер, модульдер немесе оқу жұмысының өзге де түрлері.
Элективті пәндер	Білім алушының жеке дайындық бағытын, белгілі бір өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін, ғылыми мектептердің қалыптасуын ескеретін және академиялық кредиттер көлемінде жоғары оқу орнының компоненті мен таңдау компонентіне кіретін оқу пәндері.
Тәжірибелік-зерттеу жұмысы	Магистрлік диссертацияның әдістемелік және практикалық аспектілерін орындауды, экономикалық-математикалық әдістерді, сондай-ақ нақты ғылыми зерттеу әдістерін, социологиялық зерттеу, эксперимент, бақылау және басқа тәсілдерді қолдануды қамтитын жұмыс.

6. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқарту	Мағынасы
ЖООК	Жоғары оқу орнының компоненті
ЖОО	Жоғары оқу орны
МЖМБС	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары
МЖЖЖ	Магистранттың жеке жұмыс жоспары
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
НҚ	Негізгі құзыреттер
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
МҒЗЖ	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы
ҒТК	Ғылыми-техникалық кеңес
МК	Міндетті компонент
ЖООКББ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі
СҚЕЖАБ	Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация басқармасы
ББ	Білім беру бағдарламасы
ППҚ	Профессорлық-оқытушылық құрам
СБК	Сапа жөніндегі басшылық өкілі
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ОӘК	Оқу-әдістемелік кеңес
ҒК	Ғылыми кеңес
МТЗЖ	Магистранттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы

7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы рәсім бойынша барлық жұмыстарға бақылауды ЖООКББ, кафедра меңгерушілері және ғылыми жетекшілер жүзеге асырады.

7.2 «Магистранттардың ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмысы» процесін басқаруға бақылауды Академиялық сұрақтар жөніндегі проректор, ЖООКББ басшысы, кафедра меңгерушілері және ғылыми-зерттеу жұмысына жауапты профессорлық-оқытушылық құрам (ғылыми жетекшілер) жүзеге асырады.

7.3 Бұл Ереже Университеттің барлық санаттағы қызметкерлері (профессорлық-оқытушылық құрам, магистранттар, қызметкерлер) үшін міндетті болып табылады.

7.4 Оқу жылының соңында магистрант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестациядан өтеді. Магистранттың академиялық аттестациядан өту рәсімі Ережемен айқындалады.

8. МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЗЖ (ТЗЖ) ПРОЦЕСІН ЖОСПАРЛАУ

8.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау Білім беру бағдарламасы (ББ) мен зерттеу тақырыбына негізделі отырып жүзеге асырылады.

8.2 Магистрлік бағдарламаның міндетті компоненттері мыналар болып табылады:

1) әртүрлі тәжірибелер, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамаларды қамтитын магистранттардың практикалық даярлығы;

2) ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ), ол ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды қамтиды немесе эксперименталды-зерттеу жұмысы (ЭЗЖ), ол бейіндік магистратура үшін магистрлік жобаны орындауды қамтиды.

8.3 ҒЗЖ (ЭЗЖ) ББ шеңберінде оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарланады.

8.4 Университет оқу үдерісін жоспарлау кезінде 2 жылдық ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламасының және 1 жылдық бейіндік магистратура бағдарламасының компоненттерін бөлу нормаларын ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (МЖБС) сәйкес басшылыққа алады.

8.5 Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша 24 академиялық кредитті, ал бейіндік бағыт бойынша (1 жыл оқу мерзімімен) кемінде 13 академиялық кредитті құрайды. 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағатқа тең. ҒЗЖ (ЭЗЖ) кезеңдері мен ұзақтығы ББ мен академиялық күнтізбеге сәйкес анықталады. Әрбір кезеңнің соңында магистрант жұмыс нәтижесін есеп түрінде рәсімдейді.

8.6 Магистрант ғылыми жетекшінің жетекшілігімен жасалатын жеке жұмыс жоспары (МЖЖЖ) негізінде білім алады.

8.7 МЖЖЖ барлық оқу кезеңіне арналып жасалады және келесі бөлімдерден тұрады:

1) жеке оқу жоспары (ЖОЖ) (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);

2) ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысы (тақырып, бағыт, мерзімі және есеп беру түрі);

3) практика (бағдарлама, база, мерзімі және есеп беру түрі);

4) магистрлік диссертация (жобаның) тақырыбы, негіздемесі және құрылымы;

5) магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау жоспары;

6) ғылыми жарияланымдар жоспары;

7) ғылыми тағылымдама өту жоспары (бағдарлама, база, мерзімі және есеп беру түрі).

8.8 МЖЖЖ құрастыру, жоспарлау, тәжірибеден өту және есеп беру процесі Академиялық сұрақтар жөніндегі проректордың бақылауында жүзеге асырылады және Университеттегі кәсіби тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу қағидаларымен реттеледі.

8.9 ҒЗЖ (ЭЗЖ) тақырыбы, бағыты, мерзімі мен есеп беру түрі осы Ереженің 9.1 (9.2) тармақтарына сәйкес анықталады.

8.10 ҒЗЖ (ЭЗЖ) мақсаты – магистрантты ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысын өз бетінше орындауға дайындау, магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу және сәтті қорғау.

8.11 ҒЗЖ (ЭЗЖ) міндеттері:

8.11.1 ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысын орындау дағдыларын қалыптастыру және библиографиялық жұмыс жүргізу біліктілігін дамыту;

8.11.2 зерттеу жүргізу барысында туындайтын ғылыми мәселелерді тұжырымдау және шешу;

8.11.3 нақты зерттеу міндеттеріне сәйкес ғылыми жетекшінің тапсырмаларын орындау барысында қажетті әдістерді жетілдіру немесе жаңасын әзірлеу;

8.11.4 ғылыми зерттеу барысында заманауи ақпараттық технологияларды қолдану;

8.11.5 алынған мәліметтерді өңдеу, талдау және оларды ғылыми есеп, тезис, мақала, магистрлік диссертация (жоба) түрінде ресімдеу.

8.12 Магистрлік диссертация (жоба) тақырыбын бекіту тәртібі:

8.12.1 магистрант университет ректорының атына диссертация тақырыбын және ғылыми жетекшісін бекіту туралы өтініш жазады (тақырып қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсетіледі);

8.12.2 өтініш кафедра отырысында қаралады, магистрант таңдаған тақырыптың негіздемесі тыңдалып, бекітуге ұсыныс жасалады;

8.12.3 кафедра шешіміне сәйкес, Академиялық сұрақтар жөніндегі проректор магистрлік диссертация (жоба) тақырыптарын және ғылыми жетекшілерді Ғылыми кеңестің қарауына ұсынады;

8.12.4 Ғылыми кеңес шешімінің негізінде ректордың магистрлік диссертациялар (жобалар) тақырыптары мен ғылыми жетекшілерді бекіту туралы бұйрығы шығарылады.

8.12.5 Бұйрық магистратураға қабылданған күннен бастап екі ай ішінде шығарылады.

8.13 ҒЗЖ (ЭЗЖ) аясында магистранттың жұмыс жоспарына ғылыми тағылымдамадан өту міндетті түрде енгізіледі.

8.14 Ғылыми тағылымдаманың базасы – келісімшарт жасалған серіктес жоғары оқу орны немесе ғылыми-зерттеу институты болуы мүмкін (ғылыми жетекшімен келісім бойынша). Тағылымдама өтетін ұйыммен келісімшарт тағылымдама басталғанға дейін жасалуы тиіс. Тағылымдама мерзімі бейіндік бағыт үшін 2-семестрде, ғылыми-педагогикалық бағыт үшін 4-семестрде, емтихан сессиясы кезеңімен сәйкес келмейтін уақытта жоспарланады.

8.15 Ғылыми жарияланымдар магистрлік диссертация тақырыбына сәйкес келуі тиіс.

8.16 Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері кем дегенде бір жарияланым және/немесе ғылыми-тәжірибелік конференцияда бір баяндама түрінде ұсынылуы тиіс.

8.17 Кафедраларда магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау кезінде кафедра меңгерушілері тарапынан келесі шаралар жүзеге асырылады:

8.17.1 ғылыми жетекшілермен бірлесе отырып ҒЗЖ (ЭЗЖ) бағытын және мазмұнын анықтау;

8.17.2 магистрлік диссертацияны орындау жоспарын құру;

8.17.3 ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар жоспарын жасау;

8.17.4 зерттеу нәтижелерін жоспарлау, әдіснамасы, ресімдеуі мен таныстырылуы бойынша ғылыми жетекшінің кеңесін ұйымдастыру.

9. МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЗЖ (ТЗЖ) БОЙЫНША ТАЛАПТАР

9.1 Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын магистратураның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі тиіс;

өзектілігі, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы болуы тиіс;

ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі тиіс;

ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін қолдану арқылы орындалуы тиіс;

қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді қамтуы тиіс;

тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделуі тиіс.

9.2 Білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес магистранттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы 2-ші семестрде өткізіледі. Бейіндік магистратурадағы магистранттың тәжірибелік-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын магистратураның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі тиіс;

ғылымның, техниканың және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделіп, нақты практикалық ұсынымдарды, басқарушылық міндеттерді дербес шешуді қамтуы тиіс;
алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы тиіс;
қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді қамтуы тиіс.

10. МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЗЖ (ТЗЖ) БОЙЫНША ЕСЕПТІЛГІ МЕН ТАЛДАУЫ

10.1 Магистранттың ҒЗЖ (ТЗЖ) жоспарының орындалуы кафедра отырысында комиссиямен қаралады. Магистрант жоспарының орындалуы немесе орындалмауы бойынша кафедраның шешімі хаттамада қорытынды түрінде көрсетіледі.

10.2 ҒЗЖ нәтижелері әр академиялық кезеңнің (семестрдің) соңында, ал ТЗЖ нәтижелері академиялық кезеңнің соңында магистранттың есебі түрінде рәсімделеді және сол бойынша қорытынды балл қойылады. ҒЗЖ (ТЗЖ) бойынша есеп беру формалары: баяндамалар, мақалалар, постерлік есептер, бейнематериалдар, макеттер.

10.3 Орындалған ҒЗЖ (ТЗЖ) нәтижелері бойынша ғылыми жетекші қорытынды жасайды (бөлімдердің, тараулардың белгіленген мерзімде орындалуы, кешігу жағдайында нақты көрсетумен). Ғылыми жетекші магистранттың ҒЗЖ (ТЗЖ) нәтижелерін балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағалайды. Балл әр академиялық кезеңнің (семестрдің) соңында магистранттың ИПРМ мен академиялық күнтізбеге сәйкес қойылады.

10.4 Магистранттың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-зерттеу жұмысының қорытынды нәтижесі кафедраларда бекітілген магистрлік диссертацияларды әзірлеуге арналған әдістемелік нұсқаулықтарға сәйкес дайындалған магистрлік диссертация/магистрлік жоба болып табылады.

10.5 Магистрлік диссертацияларды/жобаларды рәсімдеу тәртібі, мазмұнына қойылатын талаптар және қорғау рәсімін ұйымдастыру кафедраларда әзірленген және бекітілген әдістемелік нұсқаулықтарда көрсетіледі.

10.6 Магистрлік диссертацияның/жобаның құрылымына, мазмұнына және рәсімделуіне қойылатын міндетті талаптар магистрлік диссертация/жоба туралы Ережеде белгіленеді.

10.7 Магистрлік диссертация/магистрлік жоба міндетті түрде антиплагиат тексеруінен өтуі тиіс.

11. ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АТТЕСТАЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

11.1 Жыл сайын оқу жылының соңында магистратура білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушылар магистранттардың жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестациядан өтеді. Білім алушылардың академиялық аттестациясы білім беру бағдарламаларын іске асыратын кафедраның отырысында, ББ отырыстарының жоспарында белгіленген мерзімде өткізіледі және хаттамамен ресімделеді.

11.2 Аттестация барысында білім алушылардың жүргізген ғылыми-зерттеу (тәжірибелік-зерттеу) жұмыстарының нәтижелері, кәсіби практикадан өтуі, ғылыми-тәжірибелік конференцияда мақала немесе баяндама жариялауы қарастырылады.

12. ҮДЕРІСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

12.1 Негізгі тәуекел	12.2 Тәуекелдердің алдын алу бойынша әрекеттер
- ғылыми-зерттеу немесе эксперименталды жұмыс тақырыбының білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келмеуі;	- диссертация/жоба тақырыбын кафедра отырысында бекіту, тақырыпты таңдауда ғылыми жетекші мен кафедра меңгерушісінің кеңесі;
- жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының	- магистрантты ғылыми жаңалықты дәлелдеуге, практикалық ұсыныстар әзірлеуге бағыттау,

жеткіліксіз болуы;	ғылыми кеңестер беру;
- зерттеу барысында заманауи әдістер мен технологиялардың қолданылмауы;	- оқыту семинарларын өткізу, ғылыми жетекшілерге әдістемелік нұсқаулықтар беру, ғылыми-зерттеу базасын жетілдіру;
- екінші семестрде МҒЗЖ/МЭЗЖ мерзімдерін бұзу, кешіктіру;	- академиялық күнтізбені нақты сақтау, кафедра тарапынан мерзімдік мониторинг, аралық бақылау ұйымдастыру.

13. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

13.1 Аталған Ереже Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудиті жүргізілген жағдайда сертификаттаушы органның сарапшыларынан басқа үшінші тұлғаларға, сондай-ақ ректордың рұқсатымен серіктес тұтынушыларға ұсынылмайды.

Н. СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-04
(міндетті)

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгеріс №	Өзгеріс туралы хабарлама №	Беттер нөмірлері				Өзгерістерден кейінгі беттер саны	Енгізу күні	Өзгерісті енгізген тұлға (Аты-жөні)	Қолы
		өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған				

Н. СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-05
(міндетті)

МЕРЗІМДІК ТЕКСЕРУ ЕСЕБІ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеруді орындаған тұлға (Аты-жөні)	Қолы	Ескертпе формулировкасы